

ӘОЖ 373.016:73/76

А.Б. Сейдуалиева, Ш.А. Акбаева

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

E-mail: bahitzhanovna@list.ru

**Бейнелеу өнері пәнін оқыту үдерісінде полимәдени білім беру мүмкіндіктері**

Бұл мақалада бейнелеу өнері пәнінде полимәдениетті білім берудің маңызы сипатталып, көріністері айқындалып, полимәдениетті жастардың бойына сіңіріп, оқыту мен тәрбие беру мәселелері қарастырылады. Кез келген пәнді оқыту теорияға негізделеді. Бұл жайында Леонардо да Винчи былай деген: «Кімде-кім практикаға ғылымсыз құштар болса, ол теңізде жүзуге компассыз шыққан теңізшіге ұқсайды, өйткені олар қайда жүзіп бара жатқандығына ешқашан сенімді болмайды. Практика әрқашан да толыққанды теория негізіне құрылған болуы тиіс және онсыз ешнәрсе орынды жасалуыны мүмкін емес...» [1, 3 б.].

Егемен еліміздің көркейіп дамуына ғылымның, білімнің және өнердің қосатын үлесі ерекше. Мемлекет қазір рухани байлығымызға, ертеңгі ұрпақ мәселесіне баса назар аударуда. Бүгінгі мектепте отырған оқушыларымыз біздің еліміздің болашағы, мемлекетіміздің ертеңгі тізгінін алатын азаматтары деп қарауымыз керек. Мектепте басқа пәндермен қатар бейнелеу өнері сабағында оқытудың озық тәжірбиелерін қолдану, ұлттық құндылықтар жас ұрпақтың қызығушылықтарын қалыптастыру бүгінгі күнде көкейкесті мәселе.

**Түйін сөздер:** шекіме – металдың бетіне әшекейлі өрнек жүргізу, көзешілер – жасаушы шебер, бейнелеу өнері, полимәдени.

A. Seydualieva, Sh. Akbayeva

**The capabilities multicultural education in the process of learning fine arts**

The current article brings issues concerning importance of polycultural education in arts and describes its upbringing and aesthetical features. As every science develops on theoretical bases, Leonardo da Vinci expressed his point of view as following: «Everyone who is eager to practice without scientific foundation is like a ship drifting in a sea with no direction to follow. Being insecure due to lacking theory, one will never success in his beginnings» [1, p. 3].

Science, knowledge and art greatly contribute into becoming of intellectual and spiritual development of our country nowadays. The government accentuates its attention on the mentioned matters and the future of current generation. We need to consider today's school children as future citizens of our nation that will lead and found its further prosperity. Implementation of the leading technologies and experience of the subject of arts together with the other subjects of secondary schools increases the pupils' interest in the national values.

**Keywords:** shekime – decorating ornament on the surface of metal, kozeshi – master of shekime.

А.Б. Сейдуалиева, Ш.А. Акбаева

**Возможности поликультурного образования в процессе обучения изобразительному искусству**

В данной статье авторы рассматривают вопросы важности обучения поликультурного образования в изобразительном искусстве, о ее воспитательном значении в обучении молодежи. Об этом свидетельствуют записки Леонардо да Винчи: «Тот, кто склонен к практике без знания, сродни мореплавателю, вышедшему в открытое море без компаса, так он никогда не будет уверен куда плывет. Практика всегда должна формироваться на основе теории, а без нее ничто не может делаться правильно...» [1, 3 с].

Особый вклад в развитии суверенного государства несут наука, образование и искусство. Государство сейчас обращает особое внимание на духовное богатство подрастающего поколения. На сегодняшний день мы должны воспринимать учащихся школ как будущее нашей страны и помнить, что именно они возглавят завтрашнюю нашу страну. В связи с этим, на ряду с другими предметами, обучающемуся в школе, необходимо применить самый передовой опыт обучения изобразительному искусству, развить интерес подрастающего поколения к национальным ценностям страны.

**Ключевые слова:** шекиме – украшение узором поверхности металла, козешилер – строящий мастер.

## Кіріспе

Бейнелеу өнері сабағының негізгі міндеті – балаларға бейнелеу өнерінің барлық түрлерінен жалпы мағұлмат беру қарапайым заттардың суреттерін бейнелеуді меңгерту, өмірдегі жақсы мен жаманды ажырата білуді үйрету, ұлттық өнерді оқыту арқылы оқушылардың ұлттық, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Әрбір оқушы бейнелеу өнері сабағы арқылы өзін қоршаған ортадағы заттардың әдемілігін, табиғаттың әсемдігін және осы әдеміліктерді көріп сезіну арқылы өзінің шығармашылық қабілетін жетілдіре алады. Әрине, бұл қабілеттілік пен эстетикалық талғамды әрбір оқушыға дарыту, бір ғана сабақтың нәтижесінде жүзеге асырылмайды, оған уақыт қажет. Бейнелеу өнері сабағында әрбір оқушы өздерінің көру, есте сақтау, ойлау және қиял, түйсіктері арқылы берілген тапсырмалардың немесе тақырыпқа байланысты табиғат құбылысының түрлі қасиеттерін бейнелеуге мүмкіндік алады. Жас ұрпақтың санасына туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт-дәстүрін меңгерту болып табылады [1, 3 б.].

Жалпы өнердің дамуына қай заманда, қай елде болмасын халық бұқарасы зор үлес қосып отырған. Сондықтан да кез келген өнер туындыларының қайнар көзін халықтан іздеу керектігін білген [1, 11 б.].

Қазақ жерінде кезігетін бейнелеу өнерінің алғашқы нұсқалары палеолит дәуіріне саяды. Олар Қаратау мен Хантау тауларында тасқа қашалған жан-жануарлар тұрпаты түрінде кездеседі. Неолит және қола дәуірінде тасқа бедерленген Баянауыл үңгіріндегі, Тамғалы аңағарындағы бейнелеу (бұғы, арыстан, садақты аңшы, арбаға жегілген бұқа, сиыр және т.б.), сондай-ақ Балқаш көлінің солтүстік жағасындағы жар тастарындағы белгілі бір мазмұнға құрылған суретті бейнелер қазақ жерін мекендеген тайпалардың негізгі кәсібін, әдет-ғұрпын баяндайды. Көптеген шекіме суреттердің мазмұны жыртқыш аңдардың қос тұяқтыларға табынуына, діни нанымға құрылған. Суреттер нобайлап келтіру арқылы салынып, ішінара қына түсті бояумен жүргізілген. Геометриялық өрнекті қыш ыдыстар, қалыптау арқылы жасалған бұйымдар, күн шапағы бейнеленген қола құрал-жабдықтар Орталық Солтүстік және Батыс Қазақстан территориясында жүргізілген қазба жұмыстары

кезінде табылды. «Таңбалы тастарда» бейнеленген Будда бейнелері (көп қолды Чон-Рай-Сик, Мун-Сак-Будге, Манла Будда) шекіме суреттердің озық үлгілерінің бірінен саналады.

Бұл суреттерден ежелгі суретшілердің бейнелерді ашу шеберлігі байқалады. Қола мәдениетінің соңғы кезеңінде, Беғазы мәдениеті тұсында көне өнер түрлері жаңа үлгілермен толыға түсті. Осы кезеңдегі көне сауыттар мен әсемдік бұйымдардағы ежелгі ою-өрнек әуендері қазіргі қазақтың ұлттық ою-өрнегіне негіз болды [1, 5, 13-14 б.].

## Негізгі бөлім

Қазақстан даласындағы орта ғасырлардың көркем мәдениеті бұрын өткен Андронов және ежелгі көшпенділер кезеңі мәдениетімен тұрақты мұрагерлік байланыста болғандығымен ерекшеленеді. Көшпелі өмір салты көркем кәсіптің алда ұзақ уақыт бойы басым болатын, осы аймаққа тән түрлі көркем қолөнер кәсібін қалыптастырады.

Сондай-ақ аймақтағы қалалардың жылдам өркендеуі көршілес көркем мәдениеттердің әсері байқалатын көркем қолөнер кәсібі бұйымдарының жаңа түрлерінің пайда болуына ықпалын тигізді. Қазіргі кездегі археологиялық мәліметтер қазіргі Қазақстан территориясында орналасқан орта ғасырлық қалалардың қарқынды өмірі жайлы бұрын болжам түрінде болған пікірді нығайтуға мүмкіндік береді.

Ортағасырлық кезеңде болған көшпенді және қалалық мәдениет көркем қолөнер кәсібінің түрлерін екі типке бөлуге болады: отырықшы тұрғындарға арналған және көшпенді өмір салтына қажетті заттар. Сондықтан қолөнер еңбегі біршама жақсы дамып, ұсталар мен көзешілер тұрған қала кварталдары дәстүрлі түрде болды.

Араб мәдениетінің пайда болуы Қазақстан территориясындағы көшпенділердің өміріне айтарлықтай әсерін тигізбеді, дегенмен сол кездегі көркем қолөнер кәсібіне аз да болса ықпалы болды. Бұл жағдай металқую техникасында, архитектуралық формалардың қасиетін ою-өрнекпен безендіруде ерекше байқалады. Аталмыш аймақта өмір сүрген ортағасырлық тұрғындардың мәдениетінде сопылық философияның кең тарауының үлкен мәні бар [1, 85 б.].

Қазақтардың материалдық мәдениетін зерттеуге 1845 жылы құрылған Ресей географиялық қоғамының ғалымдары П. Маковецкий,

Н. Ядринцев, А. Якоби, Г. Потанин, М. Красовский, И. Словцовтар үлкен үлес қосты. Олардың зерттеулері негізінде академик Ә. Марғұлан қазақтардың халықтық қолданбалы өнерін тұжырымдаған еңбегі, терең мағыналы кітабын жазды. «Казакское народное прикладное искусство» [4, 31-40 б.] атты үш томдықта ол қола дәуірінен бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі халық өнерінің бұйымдарынан Қазақстан көнеден бері тұтынушылардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды.

Мысыр көркем мәдениетінің белгілі зерттеушісі Х.А. Кинк «ежелгі өнерді үйрену үшін, бізге ойша заманауи әлемнен ежелгі әлемге өту керек. Бөгде қоғамдық құрылыс және бөгде әдет-ғұрып өнерді тануға кедергі келтіреді» деп тұжырым жасайды.

Ботай энолит мәдениеті ескерткіштерінің артефактісін әлемдік аспектіде қарастырып көрелік. Кез келген өнер туындысы тәжірибиелік немесе символикалық қасиеттерге ие екендігі кеңінен танымал. Ал бұл екі функция семиотикалық мәртебе арқылы өлшенеді. Ботайлықтардың өмірі жылқымен тығыз байланысты. Зерттей келе, мына жайт аңғарылады: ботайлықтардың дүниетанымында жылқы малы өте маңызды болған және діни-магиялық салт-жораларда да атқарған рөлі зор. Мифтік өрнектер (үшбұрыш, ромб, жылан бейнесі) керамика, тас такталарда кеңінен тараған.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігі көбіне онда этномәдени, рухани, дүниетанымдық алғыштардың тұтас жүйесінің пайда болуына байланысты. Ал олардың қалыптасуы мен пайда болуы аталған дәуірге тікелей қатысты.

Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік төмендегі жағдаяттар арқылы анықталады:

- Қазақстан аумағы бейнелеу өнерінің әбден жетілген түрлері мен айқын көріністерінің алуан түрлілігін білдіретін оның ең ежелгі ошақтарының бірі болып табылады. Осылайша, ежелгі кезден бері Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі көркем формалар мәселесі оң шешімін тауып келе жатыр;

- ежелгі Қазақстанның бейнелеу өнері дүниетаным мен көзқарастың ұжымдық, туыстық мақсаттарын білдіріп, белгілі бір туыстық қауымның немесе туыстық топтардың қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қанағаттандырды. Осылайша, Қазақстан өнері ерте за-

маннан бері әлеумет өмірінде маңызды орын алған қоғамдық құрылым болды;

- ежелгі Қазақстан өнеріндегі сиқыршылық-салттық қызмет мен ежелгі адам түсінігіндегі адам мен әлемнің пайда болуы жайлы мифтік-космогониялық мәселе біршама айқын берілген. Ал бұл Қазақстанда өмір сүрген ежелгі отырықшылардың көркем мәдениетінде прагматикалық және философиялық бастамалардың айтарлықтай тепе-тең болғандығы жайлы айтады.

Қазақстанның барлық аймақтарындағы жар-тасқа салынған суреттердің жиынтықтарын тоғыстыратын көркемөнер қабаттарының алуан түрін, Андронов керамикасы мен тұрақтарының керемет үлгілерін, ұсақ пластиканы, Еуразиядағы ерте көшпенділердің аң стилі өнерінің негізгі ерекшеліктерін анықтау, оларды жүйелеу, байланысу жолдарын, кейінгі кезеңдердегі Қазақстан көркем мәдениеті дамуындағы рөлдерін анықтау өте маңызды [1, 5, 14-15 б.]

Осыған орай, біздер келесідей тұжырымдарды пайымдадық.

### Қорытынды

- Ежелгі Қазақстан өнерінің тарихи-мәдени өзіндік ерекшелігін және оның мәнін, қазақтардың көркем мәдениетінің сабақтас дамуын анықтай отырып зерттеуіміз керек.

- Дәуірдің мәдени қабаттарының көркем және дүниетанымдық ерекшеліктерін айқындауымыз қажет.

Баланы, әсіресе бастауыш сыныптан бастап, бейнелеу өнеріне жүйелі түрде оқыту, қашанда мемлекеттің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі болып табылады. Ұлы Абайдың 33-қара сөзінде өнер жайлы былай делінген: «егер мал керек болса, колөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай, адал өнерін сатқан колөнерлі — қазақтың әулиесі сол». Әулие деген қазақтың түсінігінде ең құдіретті, қасиетті, киелі адам деген мағынаны береді. Бұл қара сөзінде өнерді, жалпы өнер адамын қазақтың қастерлі адамы деп әулиеге теңеп отырғаны тегін емес. Мысалы, өнерлі адамдар өз қолдарымен жасаған әдемі заттарын киелі деп қастерлеп, төрге қойып, оны өзінің өсіп келе жатқан балаларына, немерелеріне мұра қылып қалдырып отыратынын білеміз. Бұл дәстүр біздің елімізде ғасырдан ғасырға жалғасын тауып келеді. Соңғы уақытта елімізде елбасымыз

Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен халқымыздың «Мәдени мұрасына» ерекше көңіл бөлініп, іргелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Еліміздің мәдени мұрасы – орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына. Бұл ісіміз біздің болашақ жастарымыздың бойына ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастырады. Техника, космос тағы басқа салалардағы жетістіктерді басқа озық елдерден барып үйреніп қайтуға болар, ал ұлттық өнерімізге, ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты тарихи деректерді оқып-үйренуге мүмкіншілік, тек өзіміздің елімізде ғана, оны ешқандай озық мемлекет өзімізден терең зерт-

теп, өзімізден артық көрсете алмайды. Біздің елімізде мәдени мұраның маңыздылығына мән беріп, зерттеуді қолға алғанымыз, шетелдік зиялы қауым тарапынан жоғары бағаға ие болуда. Мәдени мұра бағдарламасының әрі қарай жүйелі түрде іске асырылу құқығына ие болуы, барлық елге өнегелі іс болуда. Бұл біздің егемен еліміздің болашағына деген ұлтжандылық көзқарасымыздың бір керемет айғағы деп бағалауымыз қажет. Қазіргі егемен ел болып, керегеміз бекіп жатқанда, өнерге жанашырлық жасау арқылы біздің жастарымызға ұлттық өнерімізді жеткізе білу, әрбір қазақ азаматының парызы.

### Әдебиеттер

- 1 Айдарова З., Дирксен Л. Бейнелеу өнері. – Астана: Фолиант, 2010. – 3 б.
- 2 Адамқұлов Н. Ұлттық қолданбалы колөнер: оқу құралы. – Алматы, 2008. – 3 б.
- 3 Айдарова З., Дирксен Л. Бейнелеу өнері. – Астана: Фолиант, 2010. – 11, 13-14 б.
- 4 Қазақ өнерінің тарихы. – II том. – Алматы: Өнер, 2007. – 85, 286 б.
- 5 Қазақ өнерінің тарихы III том. XIX ғасыр және XX ғасырдың бірінші жартысы. – Алматы: Өнер. – 19 б.
- 6 Қазақ өнерінің тарихы. – I том. Ежелгі дәуір. – Алматы: Өнер, 2007. – 14-15 бет, 29-30 бет.

### References

- 1 Aidarova Z., Dirksen L. Fine art. – Astana: Foliant, 2010. – P. 3.
- 2 Adamkulov N. National applied art (study manual). – Almaty, 2008. – P. 3.
- 3 Aidarova Z., Dirksen L. Fine art. – Astana: Foliant, 2010. – P.11, 13-14.
- 4 The history of Kazakh art. Volum II. – Almaty: Oner, 2007. – P.85, 286 p.
- 5 The history of Kazakh art. Volum III. In the 19-th century and the first half of the 20-th century. – Almaty: Oner, 2007. – P. 19.
- 6 The history of Kazakh art. Volum I. Ancient era. – Almaty: Oner, 2007. – P.14-15, 29-30.